

 <p>SATBAYEV UNIVERSITY</p>	<p align="center"><b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ</b></p> <p align="center"><b>«К.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b></p>	
<p>3-деңгейлі СМЖ күжаты</p>	<p>2018 ЖЫЛҒЫ «<u>14</u>» <u>08</u> №1 басылым</p>	<p>E 029.02-13-08.01-2018</p>

**Қолайсыз еңбек жағдайларына байланысты қызметкерлерге  
қосымша ақы мен өтемақы белгілеу тәртібі және  
еңбек жағдайларына сараптама жүргізу туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**E 029.02-13-08.01-2018**

Алматы 2018

**Алғы сөз****1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінде ӨЗІРЛЕНДІ**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау  
қызметінің бастығы

«30» 07 2018 ж.

С.Омарғалиев

**2 КЕЛІСІЛДІ:**

Ректор аппаратының басшысы

«08» 08 2018 ж.

Б.Мықтыбаев

Инфрақұрылымды басқару  
департаментінің директоры

«07» 08 2018 ж.

А.Кенжеханұлы

Қаржы директоры – Корпоративтік даму  
департаментінің директоры

«06» 08 2018 ж.

Д.Софиев

Кәсіподақ комитетінің төрағасы

«03» 08 2018ж.

Г.Мұратәлиев

Лицензиялау, сертификаттау және білім  
сапасын бақылау басқармасының бастығы

«02» 08 2018 ж.

А.Сауранбаева

Заң жүзінде қамтамасыз ету бөлімінің  
бастығы

«01» 08 2018 ж.

Д.Кульджанова

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің  
бастығы

«31» 07 2018 ж.

Ж.Орақбаева

**3 Басқарманың 2018 жылғы «14» 08 №33 шешімімен бекітілді****4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ**

**Мазмұны**

1	Негізгі міндеттері	4
2	Қызметтің нормативтік негіздемелері	4
3	Жалпы ережелер	5
4	Еңбек жағдайларына сараптама жүргізу тәртібі	5
5	Еңбек жағдайларын сараптау нәтижелері	6
6	Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларына байланысты өндіріс орындарының тізімі	7
7	Зиянды өндіріс орындарында жұмыс істейтін қызметкерлер санаттарына қосымша ақы төлеу	9
8	Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынас және байланыс	11
	Қосымшалар	12
	Өзгерістерді тіркеу парағы	15

## 1 Негізгі міндеттері

1.1 Осы Ереже өндірістік ортаның нақты жай-күйін зерттеу, кешенді бағалау жүргізу және Университет қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі жағдайларын сараптау мақсатында әзірленді.

1.2 Еңбек жағдайларын зерттеу – Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексінің 105-бабына сәйкес жүргізіледі.

1.3 Еңбек жағдайларын сараптау – еңбек жағдайы қолайсыз жұмыспен айналысатын университет қызметкерлерінің қорғалуын, жұмыс орындарында аттестаттау сапасын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

1.4 Еңбек жағдайларын зерттеу және сараптаудың келесі түрлерін орындайды:

1.4.1 жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зерттеу;

1.4.2 еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестация жүргізу сапасын сараптау және оларды зиянды және ауыр еңбек жағдайлары санатына жатқызу;

1.4.3 еңбек жағдайларын бағалау мәселелері бойынша дауларды шешу үшін еңбек жағдайларын сараптау.

1.4.4 Зиянды еңбек жағдайлары бар өндірістік нысандардың, жұмыс орындарының, кәсіптер мен қызметтер тізбесін бекіту, онда қосымша ақы мен қызмет түрлері бойынша қосымша ақы мөлшері белгіленеді.

## 2 Қызметтің нормативтік негіздемелері

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі;(2018 жылдың 24 мамырдағы өзгертулермен толықтырулар);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1057 «Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; (2017 жылдың 07 қарашасындағы өзгерістер)

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 қарашадағы №957 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы;

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1054 «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; (2016 жылдың 27 қаңтардағы өзгертулермен толықтырулар);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу

жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №175 «Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қазандағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ жарғысы, (2017 жылғы 04 мамырдағы жарғыға толықтыру)

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ регламенті.

### 3 Жалпы ережелер

3.1 Жұмыс жағдайларын зерттеу – жоспарлы және жедел түрде жүзеге асырылады.

3.2 Еңбекті қорғау бөлімі қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау үшін еңбек жағдайларына сапалы және жедел зерттеу жүргізу мақсатында, жұмыс орындарына аттестация өткізу туралы университет басшыларына күні бұрын ескертулері тиіс. Сонымен қатар, оны өткізу үшін қажетті құжаттар қоса беріледі.

3.3 Еңбек жағдайларын зерттеу және жұмыс нысандарын аттестаттау үшін белгіленген мерзімге сәйкес мемлекеттік тексеруден өткен өлшеу құралдары бар, тәуелсіз шет ұйымдардың жоғары білікті мамандарына, сондай-ақ санитарлық қадағалау органдарының өкілдеріне, олардың жұмысына ақы төленуімен, белгіленген тәртіпте тартылуы мүмкін.

3.4 Сараптаманың соңында белгіленген нысан бойынша тиісті қорытынды беріледі.

### 4 Еңбек жағдайларына сараптама жүргізу тәртібі

4.1 Жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын зерттеу – жұмыс барысында қызметкерлердің денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін көрсеткіштер бойынша өндірістік орта факторларын (физикалық, химиялық, биологиялық) кешенді бағалаудан тұрады. Жұмыс орны қажетті құралдармен жабдықталған кеңістік ретінде қарастырылады, онда қызметкердің еңбек қызметі жүзеге асырылады, өндіріс процесі орындауға арналған Университеттің өндірістік құрылымының бөлігі болып табылады және еңбек және басқа да қолданыстағы нормативтер негізінде анықталады.

4.2 Еңбек жағдайларын тексерген кезде жұмыс орнындағы еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша талаптарды анықтайтын қолданыстағы заңнамаларды, нормативтік құжаттарды, сондай-ақ қолайсыз жағдайларда

жұмыс істегені үшін жеңілдіктер мен өтемақы үшін құқықты реттейтін басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алуы тиіс.

4.3 Жұмыс орнында еңбек жағдайларына аттестация мен зерттеу жүргізген кезде сарапшылар:

- қолайсыз еңбек жағдайларын қалыптастыру факторлары мен себептерін анықтаулары;

- еңбек құралдарының, еңбек объектілерінің, қоршаған ортаның тиісті нормалар мен нормативтерге сәйкестігін анықтауы;

- орындаушылардың жұмыс жүргізу технологияларының талаптарын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ережелерді, санитарлық нормалардың сақталуын тексеруі қажет.

4.4 Зиянды және ауыр еңбек жағдайлары санатына жатқызу және еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестация өткізу сапасын сараптау кезінде:

- белгіленген тәртіпте өткізілген аттестацияға сәйкес тексеру және бар ауытқуларды анықтауы;

- жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша зиянды және ауыр еңбек жағдайлары бар жұмыс орындары санатына дұрыс жатқызылуын анықтауы;

- жұмыс орнындағы өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының мәнін өлшеу нәтижелерін зерттеп білу және қажет болған жағдайда, оны қайтадан қайталап ұйымдастыруы;

- жұмыс орнын зиянды және ауыр еңбек жағдайлары санатына жатқызу туралы мәселені шешуі қажет.

## 5 Еңбек жағдайларын сараптау нәтижелері

Жұмыс орындарын сараптау нәтижесі бойынша және өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларын анықтау үшін еңбек жағдайлары саласында бекітілген өлшемдерді, көрсеткіштер мен нормативтерді басшылыққа ала отырып:

5.1 қызметкерлер денсаулығына зиянды және қауіпті санатқа жататын жұмыс орындарының, мамандықтар мен қызметтер тізбесін анықтау;

5.2 қолайсыз еңбек жағдайларымен жұмыс орындарында жұмыс істейтін кәсіптер мен қызметтер атауларына сәйкестікті анықтау;

5.3 ауыр (өте ауыр) және зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге қосымша ақы мен өтемақы белгілеу бойынша ұсыныстар енгізу;

5.4 зиянды еңбек жағдайлары үшін тегін сүт алуға үстемеақы белгілеу бойынша ұсыныстар енгізу;

5.5 зиянды және аса зиянды өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлерді тегін медициналық тексеруден өткізу бойынша ұсыныс енгізу;

5.6 еңбек жағдайларын жақсарту, өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының әсерін жою үшін іс-шараларды әзірлеу.

5.7 ауыр және зиянды, ерекше ауыр және аса зиянды еңбек жағдайларындағы жұмысы үшін қосымша ақы мөлшерін жүйелі анықтау мақсатында, жұмыс орнындағы еңбек жағдайлардың нақты жай-күйін бағалау пайдаланылады және жұмыстардың салалық тізбесі қолданылады, солар негізінде көрсетілген қосымша ақы жүргізіледі.

### 6 Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларына байланысты Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ өндірістерінің тізімі

№	Құрылымдық бөлім	Кафедра (бөлім)	Зиянды факторлар
1	Химиялық және биологиялық технологиялар институты (ХЖБТИ)	«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы»	Зиянды заттармен байланысты жұмыс: бром, бензол, қоюланған қышқылдар, аммиак, күкіртті сутек, қорғасын нитраты, барий хлориді, күкірт, қорғасын, азот, азот оксиді, сүрме және тағы басқа зиянды заттар.
2		«Органикалық заттар мен полимерлердің химиялық технологиясы»	Зиянды заттар: қоюланған күкірт, тұз, азот ортофосфор, құмырсқа, сірке, стеарин, олеин қышқылдары; мыс ацетаты, қорғасын нитраты, қорғасын ацетаты, темір хлориді, мыс сульфаты, натрий гидроксиді, сірке альдегиді.
3		«Биотехнология»	Зиянды заттармен жұмыс: сілтілер мен $H_2SO_4$ , $HCl$ , $NH_4OH$ қышқылдары – аммиак.
4	Ө.Байқоңыров атындағы Тау-кен-металлургия институты	«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» (МжПҚБ)	Цианидтерді сақтау және пайдалану үшін университет бойынша жауапты. Күкірт, тұз және азот қышқылы концентраты; аммиак, барий хлориді, темір, мырыш, күкірт, қорғасын, ксантогенаттар, сульфолдар, эфирлер, органикалық көпіртікшітер. Кенді уақтау, елеу және ұсақтау кезінде әртүрлі компоненттерден тұратын шаң бөлінеді: кварц, силикат, карбонат, көмірқышқылды заттар және басқалар.
5		«Технологиялық машиналар және жабдықтар» (ТМЖЖ)	Көмірқышқыл газы, аргон, азот, кальций карбиді, ацетилен, дәнекерлеу және кесу кезіндегі жанатын өнімдер, үлгілерді өңдеу кезіндегі химикаттар буы, ультракүлгін сәуле, металл шашырандысы, металдарды механикалық және абразивтік өңдеу кезіндегі майда дисперсті шаң, дәнекерлеу және термиялық өңдеу кезінде бөлінетін жылу, ЖЖТ-сәулелену, жоғары кернеу.
6		«Металлургиялық	Уран, газ, жоғары температура. Оксидтер мен тұздар. Аммиак, газ, пропан. Азот оксидтері.

		процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар технологиясы» (МПЖТЖАМТ)	Сәулелену.
7	Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты (ӨИИ)	«Станокжасау, материалтану және машинажасау өндірісінің технологиясы» (СМЖМӨТ)	Барлық оргтехника түрлерімен, зертханалық жабдықтармен (балқыту пештері, микроскоптар, қаттылық өлшегіштер, рентген аппараттары) жұмыс істеу. Қышқылдар, сілтілер, аммиак, жоғары температурадағы шаң, шу
8	Маркетинг және коммуникациялар департаменті	Баспа басқармасының өндірістік бөлімі	ПВА желімі, жүгері желімі, қағаз шаң-тозаңы, этилен-винилацетат сополимерлері негізіндегі балқыма желім, аммиак, азот қышқылы (су-желімді ламинация). Альдегидтер мен пигменттер, ацетон бөлетін көшіру-көбейту аппаратында (көшіру-көбейту аппаратымен қызмет көрсету кезінде) жұмыс істеу. Аммиак, азот қышқылының, этиленвинилцетат сополимерлері негізінде қорғасынды, балқыма желімді тысты ламинациялау үшін, су-желімді ламинациялау машинасында жайлы түптеуге арналған термобиндерде жұмыс істеу.
9	Студенттік мәселелер жөніндегі департамент	Студенттік жатақханалар басқармасы (жатақханалардағы дәретханаларды тазалаушылар)	1-2 кластағы микроорганизмдер, қауіпті хлортүзгіш заттар
10	Инфрақұрылымды басқару департаменті	ЭС Бас механик	Кәріз жүйесі мен құдықтарды қолмен тазалау; қажетті тораптарды жөндеу және ауыстыру бойынша элеватор тораптарында жұмыс істеу; құбырларды монтаждау мен бөлшектеу және магистралды жолдардағы және газбен ластанған бөлмелердегі қажетті қосалқы бөлшектерді ауыстыру; майлау, лак бояу материалдарымен және химиялық заттармен жұмыс істеу; жертөлелерде электрмен дәнекерлеу; дымқыл және шаң басқан үй-жайларда суық су мен жылу жолының магистраль жолдарындағы құдықтар мен орларды газбен дәнекерлеу
11		ЭС Бас энергетик	Жоғары вольтты электр өрісі, еңбек қауырттылығы, бетондық құрылмалардағы



			тесіктерді қолмен тесу
12		ЭС Оқу ғимараттардағы дәретханаларды тазалаушылар	1-2 кластағы микроорганизмдер, қауіпті хлортүзгіш заттар
13		Жөндеу және құрылыс бөлімі	Еріткіштер мен органикалық ұшпа қосылыстар, цемент тозаңы, материалды кесу кезіндегі шаң
14		Оқу-өндірістік цехі	Электродтарды термиялық өңдеу кезіндегі жылу мен бу. Металлографиялық зерттеулерге арналған үлгілерді өңдеу кезіндегі химикаттар буы
15	Әкімшілік департаменті	Мұрағат	Қағаз шаң-тозаңына, көгеруге байланысты жұмыстар
16	Инженерлік бейін зертханасы		Рентген сәулелері, қатты парафиндер, ауыр металдар (Cu, Cd және т.б.), иондаушы сәулелену
17	Ғылыми кітапхана		Қағаз шаң-тозаңына, көгеруіне байланысты жұмыстар

Негізгі лауазымдық қызметақысынан қосымша ақы белгіленетін еңбек жағдайлары зиянды өндірістік объектілер, жұмыс орындары, кәсіптер мен қызметтер тізбесі 1-қосымшада көрсетілген.

## 7 Зиянды өндіріс орындарында жұмыс істейтін қызметкерлер санаттарына қосымша ақы төлеу

7.1 Зиянды еңбек жағдайларындағы жұмысы үшін өтемақы беруге негіздеме (тегін сүт алу, медициналық тексеруден тегін өту) еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын сараптау және аттестациялау нәтижелері (зиянды өндірістік факторлардың, қауіпті учаскелердің, жабдықтардың зақымы, ауырлық көрсеткіштері, еңбек процесінің қауырттылығы, улы бу мен заттардың шығарылуы және т.б.).

7.2 Қолайсыз еңбек жағдайына қосымша ақы – зиянды еңбек жағдайларымен өндірістер, цех, кәсіптер мен қызметтер тізімінде (1-тізбеде) көзделген жұмыстармен тікелей айналысатын тұлғаларға төленеді. Қауіпті, зиянды және ауыр еңбек жағдайларындағы жұмысқа қосымша ақы – химия-металлургия бейіні зертханасының қызметкерлеріне, ғимараттарға кешенді қызмет көрсету бойынша жұмысшыларға (сантехниктерге, электриктерге) негізгі лауазымдық қызметақыдан 22-34% мөлшерінде белгіленеді.

7.3 Негізгі лауазымдық қызметақыдан (НЛҚ) 22-34% қосымша ақы – зиянды және аса зиянды еңбек жағдайларымен жұмыстардағы келесі санаттағы қызметкерлерге беріледі.

Сақтауға жауаптылар:

- күшті әсері бар улы заттар (КӨУЗ);

- рентген зертханаларында радиациялық бақылау жүргізу жұмысы және химиялық зертханаларда жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін бақылау;
- газ-электрмен дәнекерлеу және бетонды құрылымдардың саңылауларын қолмен тесуді қолданып, кәріз желілерін тазарту және жөндеу бойынша жұмыс;
- бетонды құрылымдардың саңылауларын қолмен тесіп, кабель желісін жөндеу және монтаждау және электр беретін әуе жолдарын жөндеу бойынша электромонтер;
- қоғамдық дәретханалар еден жуушысы.

7.4 Құрылымдық бөлімшелер басшысы жұмыстың және нақты қызметкерлердің еңбек жағдайларына (әрбір жұмыс түрі бойынша қолданыстағы қауіпті және зиянды өндірістік факторларды көрсетумен қызметкерлер тобына) сипаттама жасайды. Еңбек шарттарына сипаттама дұрыстығы үшін бөлімше басшысы жауап береді. Бөлімше басшысы қызметкерлердің еңбек шарттарындағы барлық өзгерістер туралы дер кезінде еңбек шарттарын бағалау бойынша Аттестаттау комиссиясына (бұдан әрі – Комиссияға) ұсынады. Комиссия қорытындысы бойынша қосымша ақы қалады немесе жойылады.

7.5 Комиссия қорытынды негізінде Университет ректоры қосымша ақы мен жұмыс түрлері бойынша қосымша ақы мөлшерлері көрсетілетін, еңбек жағдайлары зиянды өндірістік нысандар, жұмыс орындары, мамандықтар мен қызметтер тізбесін бекітеді.

7.6 Қолайсыз еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы (ауыр жұмыстарда, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарда) қызметкердің атқаратын қызметіне қарамай, оның еңбек жағдайының ауыр және зиянды деп танылған тиісті жұмыс түрлерін орындауларына байланысты белгіленеді.

7.7 Қосымша ақы мөлшері және оларды төлеу мерзімі ректор бұйрығымен белгіленеді.

Сүт пен емдік-профилактикалық тамақтандыру (бұдан әрі – ЕПТ) және витаминді дәрі-дәрмектер кәсіби сырқаттар мен улануды ескерту, олардың денсаулығын нығайту мақсатында, еңбек шарттары бойынша өндірістік нысандарды аттестациялау нәтижелері бойынша қызметкерлерге беріледі.

Өндіріске немесе химиялық заттарды қолдануға байланысты жұмыстардағы қызметкердің нақты жұмыспен қамтылған күндерінде, оның ұзақтығына қарамастан, ауысым үшін 0,5 литрден сүт беріледі.

7.8 Тағайындау және сүт беру – еңбек жағдайларының зияндылығына байланысты жұмыс беруші қаражаты есебінен сүт пен витаминді дәрі-дәрмектер алу үшін белгілі кәсіптер мен қызметтер қызметкерлеріне құқық беретін жұмыстар, өндірістер тізіміне сәйкес жүргізіледі. ЕПТ және витаминді дәрі-дәрмектер алу құқығымен, нақты жұмыспен қамтылу күндері тізбеде көрсетілген, тиісті өндірістерде қарастырылған ұйымдардың, кәсіптер мен қызметтердің қызметкерлері пайдаланады:

- химиялық және радиациялық белгілер бойынша шикізатты зерттеумен айналысатын химия-металлургиялық бейін зертханасының қызметкерлері;
- кәріз желісін жөндеу, тазарту, қызмет көрсетумен және газбен дәнекерлейтін жұмыстармен үнемі айналысатын жұмысшылар.

7.9 Емдік-профилактикалық тағам берілмейді:

- жұмыс істемейтін күндері;
- демалыс күндері;
- қызметтік іссапар күндері;
- өндірістен қол үзіп, оқу күндері;
- өз жұмысынан басқа учаскелерде жұмыс істеген күндері, мұнда ЕПТ қарастырылмаған;
- уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде.

7.10 Өткен уақытқа немесе бірнеше ауысым бұрын ЕПТ, сондай-ақ дер кезінде (ЕПТ) алынбай қалғаны үшін өтемақы беруге рұқсат етілмейді.

7.11 Қызметкерлерді сүтпен, ЕПТ қамтамасыз ету және осы Ереженің сақталуы үшін жауапкершілік жұмыс берушіге жүктеледі.

7.12 Зиянды өндіріске байланысты жұмыс істейтін қызметкерлер үшін зиянды өндірістік факторлармен байланысты кәсіптер тізбесіне сәйкес, міндетті медициналық тексерулер жүргізіледі.

Зиянды еңбек жағдайларымен өндірістік нысандар және жұмыс орындарының тізбесі және олар үшін жеңілдіктер мен өтемақылар 2-қосымшада көрсетілген.

## 8. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынас және байланыс

Еңбекті қорғау бөлімі өз қызметін Университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерімен және қызметтерімен, сондай-ақ өз құзіреті шегінде кестеде көрсетілгендерді басқа да шет ұйымдармен жүзеге асырады:

Бөлімшелер атауы	Жұмыс түрлері, құжаттама, материалдық құндылықтар	
	Кіріс құжаттарының тізбесі	Шығыс құжаттарының тізбесі
<b>Сыртқы ұйымдар</b> Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы  Алматы қаласы Еңбек және жұмыспен қамтылу департаменті	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚазҰТЗУ-дағы еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы әдістемелік әзірлемелер мен аналитикалық материалдар;</li> <li>- еңбекті қорғау бойынша университет қызметкерлерін аттестациядан өткізу үшін рұқсат құжаттары;</li> <li>- қаржыландыруға рұқсат алу үшін әдістемелік әзірлемелер мен құжаттар үлгісі;</li> <li>- 2016-2017 жылдарға арналған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестациялау нәтижелері бойынша деректер;</li> <li>- жоо қызметкерлерінің еңбек қорғаудан хабардарлығын тексеру құқығы үшін университет комиссиясының аттестация өткізуіне өтінімдері;</li> <li>- ескерту шараларын қаржыландыруға рұқсат алу</li> </ul>

	әдістемелік нұсқау және құжаттың үлгілерінің рұқсаттың ескерту шаралары	үшін мәлімдеуші құжаттар.
<b>Қызметкерлер кәсіподағы комитеті</b>	- еңбекті қорғау үшін қызметкерлер құқығын қорғау мәселелері бойынша кәсіподақ ОК анықтама-әдістемелік материалдары	- еңбекті қорғау бойынша Ұжымдық келісім-шарт пен Келісімге енгізілген іс-шаралар жоспары; - бірлескен комиссиялардағы бөлім қызметкерлерінің жұмыс нәтижелері
<b>Ректор аппараты</b>	Қолайсыз еңбек жағдайлары үшін жеңілдіктер мен өтемақы алуға құқық беру туралы Университет ректорының бұйрықтары	Орындалған жұмыстар туралы ақпарат
<b>Қаржы және есеп департаменті</b>	Қолайсыз еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы мен өтемақы төлеу, сүт және медициналық тексеру үшін ақша бөлу	Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер тізімі
<b>Университет бөлімшелері</b>	- ұсыныс, қызметтік хаттар, институт директорлары мен кафедра меңгерушілерінің қолдары қойылған зиянды жұмыс істейтін адамдар тізімі	ҚР заңнамалық нормативтік құжаттарына сәйкес ҚазҰТЗУ құжаттамасын өзектендіру және өзгерістер мен толықтырулар енгізу
<b>Қызметкерлерді басқару департаменті</b>	Университет қызметкерлері туралы мәліметтер	Қызметкерлер туралы мәліметтер, жұмыстардың орындалуы туралы ақпарат

## 1-қосымша

**Негізгі лауазымдық қызметақыдан (НЛҚ) қосымша ақы белгіленетін,  
зиянды еңбек жағдайлары бар өндірістік объектілердің, жұмыс  
орындарының, кәсіптер мен қызметтердің  
ТІЗБЕСІ**

№	Нысандар атауы	Лауазымдар	Зиянды өндірістік факторлар	НЛҚ-дан % үстемеақы
1.	Кафедралардың химиялық зертханалары мен химиялық қоймалары: химия, асыл металдар металлургиясы және пайдалы қазбаларды байыту, ядро-химиялық технологиялар және жарылғыш заттар, түсті металдар металлургиясы, металтану және металдарды термиялық өңдеу, мұнай, газ және полимерді қайта өңдеудің химиялық технологиясы.	Зертхана меңгерушісі, маман, инженер, лаборант, шебер (штат кестесі бойынша).	1-4 кластағы қауіпті химиялық заттар.	22-30
2.	Күшті әсер ететін улы заттарды сақтауға жауапты	Оқытушылар (ҚР Ішкі істер министрінің рұқсаты бойынша)	1-2 кластағы қауіпті химиялық заттар.	26-30
3.	Бас энергетик қызметі	Ғимараттарға кешендік қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмысшы (электриктер) (штат кестесі бойынша).	Жоғары вольтты электр өрісі, еңбек қауырттылығы, бетон құрылымдарындағы тесіктерді қолмен тесу	30
4.	Бас механик қызметі	Ғимараттарға кешендік қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмысшы (сантехниктер) (штат кестесі бойынша).	1-2 кластағы микроорганизмдер, қауіпті химиялық заттар, бетон құрылымдарындағы тесіктерді қолмен тесу	30
5.	Мамандарға, қызметкерлер мен жұмысшыларға			30

6.	Дәретхана еденін жуушылар	Еден жуушы (штат кестесі бойынша).	1-2 кластағы қауіпті микроорганизмдер, хлор құрамындағы заттар	30
7.	Университет мұрағаты	Мамандар	Қағаз шаң- тозаңына, кәгеруге байланысты жұмыс	30

(2-қосымша)

**Зиянды еңбек жағдайларымен өндірістік объектілер мен жұмыс орындары және олар үшін қарастырылған жеңілдіктер мен өтемақылар ТІЗБЕСІ**

№	Өндірістік объектілер мен жұмыс орындарының атауы	Зиянды өндірістік факторлар	Белгіленген жеңілдіктер		
			(БҚЖ) % қосымша ақы	(Күнтізбек күндерге) қосымша демалыс	Тегін сүт беру
1	Химия-металлургиялық бейін зертханасы	1-4 кластағы қауіпті химиялық заттар.	22-30	3	иә
2	Сақтау үшін жауапты: а) радиоактивті заттарды; б) күкірт, тұз және азот қышқылының концентрациясы; аммиак, барий хлориді, темір, мырыш, күкірт, қорғасын, ксантогенаттар, сульфосольдар, эфирлер, органикалық көпірткіштер	Радиоактивті заттардың әсері, жеке қатер, басқа адамдар қауіпсіздігіне жауапкершілік, зиянды химиялық заттар, жеке қатер, қауіпсіздік үшін жауапкершілік	30	-	иә
		Жоғары вольтты электр өрісі, бетон құрылымдардағы тесіктерді қолмен тесу	30	-	иә
3	Электриктер	Жоғары вольтты электр өрісі, бетон құрылымдардағы тесіктерді қолмен тесу	34	3	—
4	Мамандарға, қызметкерлер мен жұмысшыларға		30		
5	Дәретхана еденін жуушылар	1-2 кластағы қауіпті микроорганизмдер, хлор құрамындағы заттар	30	3	—
6	Үнемі техникалық қызмет көрсету, тазалау, ағынды	1-2 кластағы қауіпті микроорганизмдер,	34	3	иә

суларды жөндеу жұмыстарымен айналысатын, желілер мен газды дәнекерлеу жұмыстарын істейтін қызметкерлер	зиянды химиялық заттар			
--	------------------------	--	--	--



## Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы